

Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жарғыш құралдардың транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 қаңтар N 50

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 Р991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

қ а у л ы е т е д і :

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына "Взрывпром" ("PORTLATISHSANOATI") ашық акционерлік қоғамы (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) үшін "Роспромвзрыв" ғылыми-өндірістік, сауда-көрме орталығы" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, "Химия және механика орталық ғылыми-зерттеу институты" мемлекеттік біртұтас кәсіпорнының еншілес кәсіпорны (Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы) 2000 жылғы 14 қыркүйектегі N 03/2001 келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес мөлшерде беретін жарғыш құралдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынастары туралы келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, жарғыш құралдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы темір жол көлігімен транзиттік тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен жарғыш құралдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2002 жылғы 15 қантардағы

N 50 қаулысына

қосымша

"Взрывпром" ("PORTLATISHSANOATI") ашық акционерлік
қоғамы (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) үшін
2000 жылғы 14 қыркүйектегі N 03/2001 келісім-шарт
бойынша "Роспромвзрыв" ғылыми-өндірістік, сауда-көрме
орталығы" Федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны
"Химия және механика орталық ғылыми-зерттеу институты"
мемлекеттік біртұтас кәсіпорнының еншілес кәсіпорны (Ресей
Федерациясы, Мәскеу қаласы) беретін
жарылғыш құралдардың саны

Р/с Тауардың атауы СЭҚ ТН Өлшем Саны Бағасы, Жалпы
N коды бірлігі АҚШ құны, АҚШ
долла. долла.
рымен рымен

1. ЭД-ЗН ДИШВ 360300900 мың 40,0 470,0 18 800,0
773.951.300ТУ дана

Электр
детонаторлары

2. ЭД-8Ж МЕМСТ 360300900 мың 100,0 450,0 45 000,0
9089-76 дана

Электр
детонаторлары

ЖИЫНЫ 63 800 0

Жүк Жөнелтуші: "Искра" Новосибирск механикалық зауыты"
Федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны
(Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы)

Баратын станциясы: Бұхара-1 "Узбекистон Темир Йуллари" МАК

Шекаралық өтпелі

станция: Локоть (Ресей Федерациясы) -
 Шенгелді (Қазақстан Республикасы)

Жүк алушы: "Взрывпром" ("PORTLATISHSANOATI")
 ААҚ-ның N 4 участкесі (Өзбекстан
 Республикасы, Ташкент қаласы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК